Әділет

# "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексінің) қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 желтоқсандағы N 276-II Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1999 ж., N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат):

1) 8-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алдынан мынадай сөздермен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ";

2) 12-баптағы "салық инспекциясы" деген сөздер "салық қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-баптың он бірінші абзацындағы "енгізгеннен" деген сөз қазақша мәтіннен түсіп қалғандықтан мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпкерлік қызметтен түскен пайданың (табыстың) салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалғанын еркін жұмсау;";

4) 15-баптың алтыншы абзацы "салықтарды" деген сөзден кейін "және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 20-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың тексерулері олардың құзыретіне қатаң сәйкес түрде жүргізіледі.".

2. 1993 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Орман кодексіне ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 45-құжат; 1995 ж. , N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж, N 11, 357 -құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):

68-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орманды пайдаланғаны үшін бюджетке ақы төлеу ставкалары, есептеу мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.".

3. 1993 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Су кодексіне ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 7, 149-құжат;

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 22, 408-құжат; 1999 ж, N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):

1) 12-баптың он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін ақы ставкаларын белгілеу;";

2) 47-бапта:

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленгендегіден басқа реттерде" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін ақыны бюджетке есептеу мен төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.";

3) 48-бап алып тасталсын.

4. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 1993 жылғы 21 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 18, 439-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):

1) 10-баптың бесінші абзацы алып тасталсын;

2) 33-бапта:

төртінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жануарлар дүниесін пайдалану үшін төлемдер мөлшерлері;";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төленетін ақының бюджетке толық енгізілгенін растайтын құжат бар болған жағдайда ғана беріледі.";

3) 35-бапта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін бюджетке енгізілуге тиіс ақы алынады.

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төленетін ақының ставкалары, бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.";

4) 37-баптың екінші бөлігі алып тасталсын.

5. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат):

1) 9-бапта:

алтыншы бөліктегі ", су жолдарын" және "сондай-ақ" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы бөліктермен

толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының кеме жүретін су жолдарын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін ақының ставкалары, бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Кеме жүретін су жолдарын пайдалану құқығы көлікті бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әр күнтізбелік жылға беретін рұқсаттық құжатпен беріледі.

Кеме иеленуші техникалық ақаулық себептермен немесе өзгедей себептермен кемені пайдаланбаған жағдайда, ол мұндай фактілерді растау үшін уәкілетті мемлекеттік органға бұл туралы хабарлайды. Бұл ретте уәкілетті мемлекеттік орган мұндай фактілерді тексергеннен және анықтағаннан кейін рұқсаттық құжатқа тиісті өзгерістер енгізеді.";

2) 15-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді, теңіз, өзен кемелерін және шағын көлемді кемелерді, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркегені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіпте алым алынады.";

3) 25-баптың бірінші бөлігіндегі "кәсіпорындардың" деген сөз " тасымалдаушылардың" деген сөзбен ауыстырылсын.

6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат, N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат):

1) 19-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік" деген сөз кіші әріппен жазылып, мынадай сөздермен толықтырылсын: "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген жағдайларды қоспағанда,";

2) 38-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

3) 49-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы ", соның ішінде заңда белгіленген табыс ету мерзімінен кейін бір жыл өткен соң корпорациялық табыс салығы туралы ( жиынтық жылдық табыс пен жасалған шегерімдер туралы) декларация немесе оңайлатылған декларация табыс етпеген, заңды тұлғаның кредиторлары, заңды тұлға орналасқан жері бойынша немесе нақты мекен-жайы бойынша болмаған, сондай ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар ( қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған;" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 242-баптың 3-тармағында:
үшінші сөйлем алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы екінші, үшінші, төртінші бөліктермен толықтырылсын:
"Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Сот шешімі бойынша коммуналдық меншікке түсті деп танылмаған иесіз қозғалмайтын зат оны тастап кеткен меншік иесінің иелігіне, пайдалануына және билік етуіне қайта қабылдануы, не иелену мерзіміне орай (осы Кодекстің 240-бабы) меншікке алынуы мүмкін.";

5) 282-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі екінші және үшінші сөйлемдер алып тасталсын.

7. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар):

1) 15-бапта:
тоғызыншы бөлік "алым" деген сөздің алдынан "лицензиялық" деген сөзбен толықтырылсын;
он үшінші бөліктегі "алым" деген сөз "қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-баптың 3) тармақшасындағы "алым төленгенін" деген сөздер "лицензиялық алымның бюджетке төленгенін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 18-бапта:
тақырыптағы "алым" деген сөз "лицензиялық алым" деген сөздермен ауыстырылсын;
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
"Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленетін ставкалары, есептеу мен төлеу және төленген сомаларды қайтару

тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.";

4) 19-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "төленетін" деген сөзден кейін " лицензиялық" деген сөзбен толықтырылсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 1-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 6-баптың оныншы бөлігіндегі "заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін алым төлегені туралы квитанция немесе төлем тапсырылымының көшірмесі" деген сөздер "заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегені туралы квитанция немесе оны растайтын құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Мемлекеттік тіркеуге ақы төлеу

Заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін құруды және қызметін тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу, оларды қайта тіркеу кезінде, сондай-ақ олардың мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы куәліктің көшірмесін алуы кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.";

3) 11-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін төленген алымды қайтару Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген реттерде жүргізіледі.";

4) 14-бапта:

екінші бөліктегі "қайта тіркеу үшін алым төленгендігі туралы квитанция немесе төлем тапсырылымы" деген сөздер "заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке алым төлегенін растайтын құжат" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігіндегі "салық заңдарымен белгіленген мөлшерде" деген сөздер " Салық кодексінде белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 15-баптың екінші бөлігіндегі "салық заңына сәйкес" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде K010209_ белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. Қазақстан Республикасы Президентінің "Дәрілік заттар туралы" 1995 жылғы 23 қарашадағы N 2655 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 137-құжат):

12-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Дәрілік заттарды мемлекеттік тіркегені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.".

10. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат):

26-бапта:

тақырыптағы және мәтіндегі "тіркеу", "тіркелуге" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік тіркеу", "мемлекеттік тіркелуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады. Азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу аталған алымды бюджетке төлегеннен кейін жүзеге асырылады.".

11. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат):

1) 5-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1-бап. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде K010209_ белгіленген тәртіппен алым алынады.";

2) 6-бапта:

тақырыптағы "Тіркеу және" деген сөздер алып тасталып, "ақпарат" деген сөз бас әріппен жазылсын;

"жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркегені үшін, сондай-ақ" деген сөздер алып тасталып, "ақпараттық" деген сөз бас әріппен жазылсын;

3) 13-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат тапсыруға тиіс.".

12. Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 171-құжат; Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағында "сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген резидент еместердің филиалдары мен өкілдіктерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағында филиалдары мен өкілдіктері арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Оңайлатылған нысан бойынша қаржылық есеп беруді, акцизделетін өнімдерді өндірумен, ұқсатумен және сатумен айналысатын субъектілерінен басқа (алкоголь және темекі өнімдерін бөлшек сатуды қоспағанда) шағын кәсіпкерліктің субъектілері жасайды.

Бухгалтерлік есепке алуды жүргізудің оңайлатылған нысаны уәкілетті орган бекіткен бухгалтерлік есеп стандарттарымен айқындалады.".

13. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат):

13-бапта:

төртінші бөліктегі "тіркеу алымының" деген сөздер "заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамдық бірлестіктерді тіркеу және қайта тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алым алынады.".

14. "Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 273-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы оныншы және он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"механикалық көлік құралы - мопедтен басқа, двигатель арқылы жүретін көлік құралы. Бұл ұғым тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға да қолданылады;

тіркеме - двигательмен жабдықталмаған және механикалық көлік құралының құрамында жүруге арналған көлік құралы. Бұл ұғым жартылай тіркемелер мен ұзартылмалы тіркемелерге де қолданылады.";

2) 18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің жекелеген түрлерінің жол қозғалысына қатысуына рұқсат беруді Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органдар мемлекеттік тіркеу және тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерін беру арқылы жүзеге асырады. Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді сертификатсыз немесе оның белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растайтын басқа да құжатсыз мемлекеттік тіркеуге тыйым салынады.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің мынадай түрлері мемлекеттік тіркелуге жатады:

1) олардың базасында жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, жеңіл, жүк автомобильдері және автобустар;

2) мотоциклдер және мотороллерлер;

3) олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді қоса алғанда, доңғалақты тракторлар;

4) автомобильдер мен доңғалақты тракторлардың құрамында жүруге арналған тіркемелер.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің мынадай түрлері мемлекеттік тіркелуге жатпайды:

1) конструкциялық жағынан жол қозғалысына қатысуға арналмаған механикалық көлік құралдары мен тіркемелер;

2) жабық аумақтарда технологиялық көлік ретінде пайдаланылатын, олардың базасында жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, тіркемелер, автомобильдер мен доңғалақты тракторлар;

3) троллейбустар;

4) трамвайлар және рельспен жүретін басқа да механикалық көлік құралдары;

5) басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан кем мерзімге әкелінген, олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустар, мотоциклдер мен мотороллерлер.";

3) 19-баптың 1-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Мемлекеттік автомобиль инспекциясында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органда" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж, N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат):

20-бапта:

тақырыбындағы "және одан босату" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын.

16. "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" 1997 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 87-құжат):

1) осы Заңда қолданылатын ұғымдар мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"Вексель қағазы - белгілі бір қорғалу дәрежесі бар және оған вексель жасауға арналған елтаңбалы қағаздың бір түрі.";

2) 80-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

"83-1-бап

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оған әкелінетін вексель қағазының мазмұны мен нысанына, қорғалу дәрежесіне және ондағы вексельдің сомасын міндетті түрде баспаханалық тәсілмен көрсетуге қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Вексель қағаздарын шығаруға байланысты қызмет Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялануға жатады.

Қазақстан Республикасының аумағында вексельдер жай қағазда жасалуы да мүмкін.

Вексель қағазының мәтіні (вексель бланкі) мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуға тиіс.";

4) мынадай мазмұндағы 16-1-тараумен толықтырылсын:

"16-1-тарау. Елтаңбалық алым

92-1-бап

Елтаңбалық алым - аударым вексельдері мен жай вексельдер жасау кезінде, вексель қағазын иемдену кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оның аумағына әкелінетін вексельдер бойынша құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына (индоссаттау, авальдау, акцепт, инкассоға беру және басқалары) бағытталған алғашқы іс-қимылды жасау кезінде жеке және заңды тұлғалардан біржолғы алынатын төлем.

Елтаңбалық алымның сомасы, вексель қағазын сатып алу кезінде төлеттіруді қоспағанда, банк арқылы енгізіледі және елтаңбалық алымды төлеу туралы вексельге қоса берілген квитанциямен расталады.

Қазақстан Республикасының аумағында елтаңбалық алымды төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, вексельден туындайтын құқықтар елтаңбалық алымның барлық сомасы төленгенге дейін тоқтатыла тұрады және елтаңбалық алымның толық сомасы төленген кезден бастап жалғастырылады.

Елтаңбалық алым толық төленбеген жағдайда оның қосымша төлемін вексель беруші де, вексель ұстаушы да немесе басқа тұлға да вексельге оның қосымша төлемі туралы квитанцияны қоса бере отырып жүргізуі мүмкін.

Вексель ұстаушының, сондай-ақ елтаңбалық алым сомасын қосымша төлеген өзге тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оны вексель берушіден өтеуді талап етуге құқығы бар.

Елтаңбалық алымның ставкалары, бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.".

17. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 21, 778-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 9-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

2) 10-баптың 1-тармағындағы "табыс етіледі" деген сөз "табыс етілуі мүмкін" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 185-құжат; N 22, 333-құжат; 1999 ж., N 23, 931-құжат):

1) 9-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "Осы" деген сөз кіші әріппен жазылып, оның алдынан "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 10-бапта:

1-тармақтың:

бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган белгілеген нысандағы өтінішті;

2) жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжатты табыс етеді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заңның 9-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда, ерлі-зайыптылар кәсіпкерлігі, отбасылық кәсіпкерлік, сондай-ақ тұрақты негізде құрылатын жай серіктестік нысанында бірлескен жеке кәсіпкерлікті тіркеу кезінде азаматтармен, ұйымдармен және мемлекеттік органдармен қатынаста мүдделерін білдіруге және азаматтық-құқықтық мәмілелерді жүзеге асыруға уәкілетті тұлға өтініш береді.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік уәкілетті тұлғаға жазып беріледі. Куәлікке тіркеуші органның басшысы растаған бірлескен жеке кәсіпкерлік мүшелерінің тізімі қоса беріледі.".

4-тармақта:

бірінші бөлікте "заңмен белгіленетін мөлшер мен тәртіп бойынша" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге арналған өтініште көрсетілген деректер өзгерген ретте кәсіпкер өзгерістер туралы тіркеуші органға осы орган белгілеген нысан бойынша хабарлауға міндетті. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген деректер өзгерген ретте кәсіпкер қайта тіркеуді жүзеге асыруға және жаңа куәлік алуға міндетті.";

үшінші бөліктегі "куәліктің көшірмесі" деген сөздер "мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тіркеуді растайтын құжаттың көшірмесі берілгені үшін кәсіпкерден Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленетін тәртіппен алым алынады.";

3) 11-баптың 1-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

4) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лицензия берілгені үшін жеке кәсіпкерден қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленеді.";

5) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Жеке кәсіпкерлерге салық салу

Жеке кәсіпкерлерге салық салу Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

6) 33-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Мемлекеттік тізілімнен алып тастау жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігін тіркеуші органға тапсырғаннан кейін жүргізіледі.".

19. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 15-16, 236-құжат):

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған ресми құжаттарға апостиль қоюға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар.";

2) 6-баптың 3-тармағындағы "2) және 3)" деген сөздер "2), 3) және 3-1)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Жеке практикамен айналысатын нотариус жеке кәсіпкер болып табылады.";

4) 19-баптың 1-тармағы 1) тармақшасындағы "басқа" деген сөзден кейін "өзге" деген сөзбен толықтырылсын;

5) 30-бапта:

1-тармақтағы "мемлекеттік баж туралы заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде " деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Мемлекеттік органдар апостиль қойғаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставка бойынша мемлекеттік баж алынады.";

6) 67-баптың 2-тармағындағы "тиісті мемлекеттік органды" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 70-бапта:

5-тармақтағы "тиісті мемлекеттік органға" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік

органға" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
"6. Мұрагерлік құқық бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.
Мұрагерлік құқық бойынша мемлекеттік меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.".
20. "Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-құжат; 1998 ж., N 24, 443-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 23, 931-құжат; 2001 ж., N 13-14, 171-құжат):
1) 7-баптың жетінші абзацы алып тасталсын;
2) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
"Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ставкаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жасаған есептер негізінде жыл сайын белгілейді.";
3) 20-баптың 1-тармағының алтыншы абзацындағы "белгіленген ақыны" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген төлемдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;
4) 26-баптың үшінші және бесінші абзацтарындағы "ақы төлеу" деген сөздер " Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген төлемдер" деген сөздермен ауыстырылсын;
5) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"28-бап. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер
Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер Қазақстан Республикасының Салық кодексінде K010209_ белгіленген салықтар, алымдар және төлемдер түрінде табиғат пайдаланушылардан алынады.";
6) 29-бапта:
екінші бөліктегі "Үкіметі белгілеген тәртіппен" деген сөздер "Салық кодексінде белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
"Төлем ставкаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жасаған есептер негізінде жыл сайын жергілікті өкілді органдар белгілейді. Қоршаған ортаны ластағаны үшін бюджетке төленетін ақының сомасын есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.";
7) 30-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"30-бап. Табиғи ресурстарды қорғау мен молайту үшін төленетін төлемдер

Табиғи ресурстарды қорғау мен молайтуды жүзеге асыруға арналған бюджет шығындарының орнын толтыруды өтеу ретінде табиғат пайдаланушылардан Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес төлем алынады.".

21. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж, N 17-18, 215-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат):

1) 11-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлем ставкаларын белгілейді.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын жергілікті өкілді органдардың бекітуіне ұсынады.";

2) 77-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін бюджетке ақы төлеу ставкалары, есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері Қазақстан Республикасының Салық кодексіне K010209_ сәйкес белгіленеді.";

3) 78-баптың 1-тармағында:

екінші, үшінші абзацтар алып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін қызметтерден түскен қаражат";

4) 79-бап алып тасталсын.

22. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970208_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 24, 337-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; N 8 189-құжат; N 18, 339-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 17-18, 245-құжат):

1) 57-баптың 1-тармағындағы "тиісті салық органына" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 60-бапта:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "салық органдарына" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тәркіленген мүлікті уәкілетті мемлекеттік органға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

3) 61-баптың 1-тармағындағы "тиісті салық органына" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. "Халықтың көші-қоны туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж.

, N 24, 341-құжат; 2001 ж., N 8, 50-құжат; 2001 жылғы 16 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 17 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Көші-қон мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 10 қарашадағы Z010255_ Қазақстан Республикасының Заңына ):

1) 27-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен репатриант ( оралман) деп танылған адамға белгіленген үлгідегі куәлік беріледі, оның беру тәртібін және қолданыста болу мерзімін уәкілетті орган белгілейді.";

2) 29-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы "және салық салынбай" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақша алып тасталсын.

24. "Шаруа (фермер) қожалығы туралы" 1998 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. , N 2-3, 26-құжат):

1) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Шаруа (фермер) қожалығына салық салу

Шаруа (фермер) қожалығына салық салу Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

2) 18-бапта:

1-тармақтың 5) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Шаруа (фермер) қожалықтары жекелеген салық түрлерін есептеу мен төлеудің Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес оңайлатылған не жалпы белгіленген тәртібін қолдануға құқылы.".

25. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 308-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173, 176-құжаттар):

3-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын.

26. "Неке және отбасы туралы" 1998 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. , N 23, 430-құжат):

166-баптағы "Мемлекеттік баж туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" және "Мемлекеттік баж туралы Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде " және "Қазақстан Республикасының Салық кодексіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Байланыс туралы" 1999 жылғы 18 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 12, 396-құжат):

1) 6-бапта:

3-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке ақы төлеудің жылдық ставкалары, оны есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.";

5-тармақта:

"тіркелуге" деген сөздің алдынан "мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.";

2) 12-бапта:

2-тармақта:

"аукциондар өткізу жолымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес конкурстық негізде" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Байланыс саласындағы уәкілетті орган өткізген конкурс қорытындылары бойынша радиожиілік спектрінің жолдарын (номиналдарын) пайдалануға алған кезде жеңімпаз Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерлерде мемлекеттік бюджетке біржолғы төлем енгізеді.

Конкурс қорытындылары бойынша анықталған мемлекеттік бюджетке біржолғы төлемді енгізу тәртібін конкурстық комиссия белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Радиожиілік спектрін пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттық құжаттармен расталады.

Бұл ретте телевизия және радио хабарларын тарататын ұйымдарға рұқсат бергені үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

Конкурс өткізу арқылы радиожиілік спектрінің жолдарын (номиналдарын) бөлу кезінде радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсатты аталған соманы мемлекеттік бюджетке толық көлемде енгізгенін растайтын құжатты төлемші табыс еткеннен кейін байланыс саласындағы уәкілетті орган береді.".

28. "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат):

12-баптың 5-тармағының 3) тармақшасындағы "кәсіпкерлік қызметтің жекелеген

түрлерімен шұғылдану құқығы үшін алым" деген сөздер "қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық алым" деген сөздермен ауыстырылсын.

29. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ( ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат ) :

1) 741-баптағы ", сондай-ақ сот бұйрығының негізінде" деген сөздер ", сот бұйрығының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 938-баптың 2-тармағындағы "табыс салығы салынатын" деген сөздердің алдынан "жеке" деген сөзбен толықтырылсын, "салық инспекциясы" деген сөздер "салық органы " деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 1083-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші, үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.".

30. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат):

1) 101-баптағы "мемлекеттік баж туралы заңдарда" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде " деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 104-бапта:

1-тармақтағы "заңдарда" деген сөз "Қазақстан Республикасының Салық кодексінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 105-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"105-бап. Мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру немесе оның мерзімін ұзарту

Сот тараптың мүліктік жағдайын негізге ала отырып, мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыруға немесе оның мерзімін ұзартуға құқылы.";

4) 142-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

5) 265-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

6) 339-баптың екінші сөйлемі алып тасталсын.

31. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат):

6-бапта:

2-тармақта:

екінші абзацтағы "салық салу үшін" деген сөздер "жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын жылжымайтын объектілеріне салық салу үшін, сондай-ақ шаруа (фермер) қожалықтарының жер учаскелерінің бағалау құнын анықтау үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекеттік меншікке түскен мүлік құнын анықтау үшін;";

мынадай мазмұндағы 2-1, 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Республикалық меншікке түскен мүлікті бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

2-2. Коммуналдық меншікке түскен мүлікті бағалау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.".

32. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 1, 8-құжат):

30-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін төленетін алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат және заңды тұлғаның таратылғаны туралы мәліметтердің жарияланғанын растайтын құжат табыс етілген кезде енгізеді.".

33. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат):

27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 22-2) тармақшамен толықтырылсын:

"22-2) базарларда біржолғы талондар беру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.".

34. "Жер туралы" 2001 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 4, 21-құжат; N 15-16, 228 -құжат):

1) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдерді бюджетке есептеу мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.";

6-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл ретте жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдердің ставкалары жер салығы ставкаларының мөлшерінен төмен емес болып белгіленеді.";

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер пайдалану құқығында берілетін (берілген) жер учаскелерін бағалау құны, сондай-ақ осындай жер учаскелерін жалға бергені үшін төлем мөлшері базалық ставкаларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін түзету коэффициенттері қолданыла отырып айқындалады.";

2) 123-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Осы Заңды қолданысқа енгізген сәттен бастап 124-баптың 6-тармағының қолданылуы 2002 жылдың 31 желтоқсанына дейін тоқтатыла тұрсын.

Жеке және заңды тұлғалардың 124-баптың 6-тармағында айқындалған мәртебесі 2002 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңге жер салығын төлеу жөніндегі тұрақты жер пайдаланушылар мәртебесіне теңестіріліп, олар осы мерзімге жал ақысын төлеуден босатылсын.".

35. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 169-құжат; N 15-16, 224-құжат):

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасындағы аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алым туралы" 2000 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 394-құжат).";

2) 3-бап алып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК